

"Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының заңын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 9 қыркүйек 1993 ж. N 853. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 сәуірдегі N 2087-XII Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен экономика министрлігі, жергілікті әкімдер:

шет елдердің сақтандыру ұйымдарының, сондай-ақ құрылтайшыларының (қатысушылардың) құрамында шет ел кәсіпорындары, шетелдік қатысатын заңды ұйымдар және шетелдік азаматтар оның ішінде жақын шетелдіктер де бар сақтандыру кәсіпорындарының филиалдарын, өкілдіктерін, агенттіктері мен басқа да құрылымдық бөлімшелерін тіркеуді тоқтатсын;

тіркеліп қойылған сақтандыру кәсіпорындарын тексерсін және оларға өз құрылтайшыларының (қатысушыларының) құрамын үш айлық мерзімде Қазақстан Республикасының аталған Заңының талаптарына сәйкестендіруді м і н д е т т е й т і н б о л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін министрліктер, ведомстволар, қауымдастықтар, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметімен шұғылданатын шет ел азаматтарымен, шетелдік заңды ұйымдармен және шетелдік қатысатын бірлескен кәсіпорындармен сақтандыру жөнінде бұрын жасалған шарттарды 1994 жылдың 1 қаңтарына дейін қайта қарауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бір айлық мерзімде шет ел инвесторларымен контракттарды тіркеу туралы ережені әзірлеп, онда Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және жұмыс істейтін шет елдің заңды ұйымдарының немесе шетелдік қатысатын заңды ұйымдардың міндеттері көрсетілмеген болса, аталған контракттардың тіркеуге, Қазақстан

Республикасының сақтандыру туралы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру кәсіпорындарымен сақтандыру, шарттарын жасасуға жатпайтынын көздейтін болсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК